

Бейнеу ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 28/251 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 желтоқсанда № 31309 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексіне, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бейнеу ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Бейнеу аудандық мәслихатының "Бейнеу ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифін бекіту туралы" 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 56/454 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4366 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы

К. Мансуров

2022 жылғы 22

желтоқсандағы

№ 28/251

шешіміне қосымша

Бейнеу ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға , сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	335
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айына	365
Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 текше метр (м3)	1751